

**"Алматы қаласы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі жөніндегі Ережені бекіту туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 3/323 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімдігінің мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 28 қарашадағы № 4/1030 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1013 болып тіркелген, 2013 жылғы 21 желтоқсанда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) бір апта мерзімде әділет органдарына осы қаулының қабылданғаны туралы хабарласын;

2) бір апта мерзімде осы қаулыны ресми баспа басылымдарында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы М. Сембековке жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б. Байбек